



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

формасын жеткізетін транслитерация тәсілін де атауға болады. Ол баламасыз лексиканы басқа тілге аудару үдерісі кезінде сирек қолдана бастайды. Әр аударма тәсілінің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері болғандықтан, аударма кезінде бір тәсілмен шектелмей, екі немесе үш аударма тәсілін бірге қолданған жөн, мысалы, транскрипция немесе транслитерация және калькілеу немесе түсіндірмелі аударма т.б. Әлеуметтік реалийлердің аударуы аудармашының мәдениет және елтану саласындағы терең білімді талап ететін шығармашылық үдеріс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жақыпов Ж. А. Аударматануды аңдату. – Астана, 2004. – 142 б.
2. Влахов С. И., Флорин С. П. Непереводимое в переводе. – М.: Наука, 1986. – 416 с.
3. Томахин Г. Д. Реалии в языке и культуре//ИЯШ. – 1997.
4. Ермагамбетова А. С. Сущность и значение национальных слов-реалий в языке художественного произведения и способы их перевода. (Автореферат дис)
5. Степанов Ю. С. Французская стилистика. – М.: 1965
6. Темиргазина З. К. Современные теории в отечественной и зарубежной лингвистике. – Павлодар, 2009. – 121 с.
7. Виноградов В. С. Введение в переводоведение. – М.: Издательство института общего среднего образования РАО, 2001. – 224 с.
8. Томахин Г. Д. Реалии-американизмы. – М.: Высшая школа, 1988. – 239 с.
9. Виноградов В. С. Перевод: общие и лексические вопросы. 3-е изд. – М.: КДУ, 2006.
10. Абишева К. М. Основы теории и практики перевода. – Астана: «Туран-Астана», 2008. – 272 с.

ӘОЖ 81'42

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ МӘТІН ҰҒЫМЫНЫҢ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Құзар Жанна Нұрлақызы

Kuzar_zhanna@mail.ru

6D020700 – «Аударма ісі» мамандығының 1-нші курс докторанты,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Кульдеева Г.И.

Ғылым мен техника прогрессінің заманында ғылыми зерттеулердің нәтижелері мәтінде өзінің көрінісін табады. Сөзсіз, барлық ғылым салалары мәтінмен өзара әрекеттеседі. «Мәтін» ұғымының қолданушыларының саны бүгінде өсіп, тек лингвистика саласында ғана қолданылмай, информатика, психология, әдебиеттану және т.б. ғылым салаларында да қарастырылады. Яғни, осы ғылым салаларында мәтін ұғымы білік пен білім, таным процесін зерделейтін барлық ғылым салаларына ортақ зерттеу нысаны бола алады. С.И.Львовтың пікірінше «Мәтінмен жұмыс – тілдің барлық пәндермен байланысуын қамтамасыз етудің кепілі». Тыңдаушылардың дүниетанымын дамыту мен қалыптастырудың арнайы мақсаттары көзделіп, түрлі ғылым салаларынан арнайы мәтіндер талданады [1].

Қазіргі заманғы батыс философиясында мәтін ұғымы негізгі сөздердің бірі болып табылады. Мәтіннің жаңа қыры мен сырын анықтап, өзгеше аспектіде жаңаша бағытта қарастырудың мүмкіндіктері көрсетіледі. Адамның қоршаған дүниені қабылдау, тану, оны өз алдына ашу, тек мәтін арқылы жүзеге асырылады. Өйткені, мәтін барлық жерде және әрқашанда субъектінің көз айналасында болады.

Ғылым мен техника заманының дамыған кезінде мәтінді қарастырудағы “ескі” формациядан “жаңа” формацияда зерттеу қажет. Яғни, мәтінді сындық тұрғыдан қарастыру және баяндау; әлеуметтік мәселелерге байланысты түрлі мәтіндерді, жағдайларды талдау.

Көптеген философтар ақпаратты сақтау мен беру сөз деңгейінде, сөз тіркесі не бөлек

сөйлемдерден құрылуы мүмкін еместігін айтты. Мысалы, Н.И. Жинкина, тек мәтін ғана қарым-қатынастың (сөйлеу) бірлігі болып табылады. «Адам бөлек сөйлемдермен қарым-қатынас жасамайды, өз ойын тек бүтін мәтінмен жаңғыртады» дейді [2]. Яғни, оған жекелеген сөйлемдер емес, логикалық және композициялық жағынан үйлескен ерекше тұтас ой жатады.

Мәтінді (фр. *texte*, англ. *text*, латынша *textus* – мата, бірігу, байланысу) мағыналық және грамматикалық байланыс арқылы біріккен сөйлеу бірліктерінің – айтылымдардың, фразадан жоғары бірліктердің, фрагменттердің, бөлімдердің т.б – бірізділігі деп анықтауға болады. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «мәтін» ұғымына қысқа ғана түсінік берілсе, яғни мәтін деп белгілі бір жазылған шығарма немесе соның үзіндісі десе [3]. Тіл білімінің терминдердің түсіндірме сөздігінде мәтінге мынадай анықтама берілген: «Мәтін - тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі. Мәтіннің құрылу шарттары: сыртқы тұлғалық байланыстарға, белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, аяқталғандығы, қарым-қатынас жасауды іске асыру мүмкіндігіне ие болуы» [4].

Бүгінгі күннің талаптарына сай мәтін формасы қазіргі заманғы оқырманның ниетіне қарай өзгеріп жатады. Ақпараттық өрістің кеңеюімен объектінің мәтіндік интерпретациясы өзгермелі және жетілдірілген, жаңа формаларға ие болады. Өйткені мәтін оқырманға өзінің әркелкілігімен назар аудартады. Мәтін адамның сөйлеу әрекетінің жемісі болғандықтан, оны антропоцентристік жағынан қарастыру да өзекті. Мәтінге қатысты «жазушы-оқырман» не «жіберуші-қабылдаушы», «адресант-адресат», «автор-реципиент» деген ұғымдардың қолданылуы әбден мүмкін. Осы барлық аталған тіркестерге ортақ ұғым «мәтін» болып келеді. Аталған тізбектер көмегімен мәтін рецептивтік үдерісті оқырманның, адресаттың санасында көрініс табады. Кез-келген мәтін белгілі бір мақсатты көздейтінін ескерттік, демек белгілі бір адресатқа арналған мәтін ақпараттардан тұрады. Сөз актісінде екі тұлғаның – адресанттың және адресаттың санасы жұмыс істейді. Осы екі тұлғаның мүмкіндігінше бір-біріне сәйкес келуі коммуникацияның сәтті болуына оң әсерін тигізеді. Н. Уәлидің пікіріне сүйінсек, сөз сапасын жоғарыда айтылған тізбектен автор-мәтін-реципиент қатынасынан іздестіру қажет; осы кезге дейін зерттеушінің басты назары тек мәтінде болды.

Қарым-қатынас тек екі не одан да көп субъектілердің қатысуымен орнатылады. Ал қарым-қатынас нысанасы ретінде – мәтін бірінші орында тұрады. Сондықтан да қазақ тіл білімінде мәтінді зерттеу өзекті де әрі маңызды.

Ресейлік тіл білімінде мәтін лингвистикасы И.Р. Гальперинмен, Г.В. Колшанскиймен байланыстырады. Кейіннен М.Х. Бахтин, Е.А Падучева, Л.М. Алексеева, В.Е. Чернявская, М.Н. Кожина және т.б. ғалымдардың ой-пікірлері жетекшілік етеді.

Қазақ тіл білімі ғалымдары да бұл мәселеге қатысты өзіндік ой-пікірлерін білдірді. Қазіргі таңда бәріміз мәтінді көреміз, оқимыз, талдаймыз. Тек мәтін арқылы ғана дүниетанымдық қабілетімізді игеруге, қызығушылығымызды арттыруға, оймен қатар тілімізді дамытуға, осы ғылым мен техника заманында білімдерімізді жетілдіреміз. Демек, профессор Э.Д. Сүлейменованың мәтінге берген тұжырымдамасын ала отырып «Текст –это именно та единица языка, в которой фиксируется познание действительности и информация, которой обмениваются члены общества».

Жалпы мәтін табиғаты өте күрделі. Осы күнге дейін берілген терминге нақты анықтаманың жоқ екендегін байқауға болады. Қазақ тіл білімінде мәтін мәселелерімен Р. Сыздықова, Б. Шалабай, С. Мұстафина, З. Ерназарова, Г. Әзімжанова, Г. Есмағұлов, Д. Әлкебаева, Г. Әбікенова, М. Маретбаева, Г. Смағұлова, Ж. Қайшығұлова, Г. Кәріпжанова, Ф.Ш.Оразбаева, А.К. Ахметова, О. Қ. Жармакин, Қ.Б. Мағзұмов, Т.М. Әбдікәрімова, А. Жапбаров және т.б. ғалымдар мәтінмен жұмыс істеудің мәселелерімен айналысады.

Әрине қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, қазақ тілді дамытқан бірден бір А.Байтұрсынұлы (1873-1937), Қ.Жұбанов (1899-1938), С.Аманжолов (1903-1955), Қ. Қордабаев (1915-2000) ұлы ғалымдарымыздың еңбектерінде де мәтін туралы алғашқы ойлар талданған.

Мысалға, Қ.Жұбанов, қазақ филологиясының барлық саласында өзінің ізін қалдырған,

құрметті лингвист - профессор. Мәтін қарым-қатынасты жүзеге асырудың бірден-бір құралы деп түсінген ғалым, мәтіннің ауызша және жазбаша түрлерін бөліп көрсетіп, олардың айырмашылықтарына ден қояды [5].

Р. Сыздықова «Қазақ тілінің стилистикасы» атты оқулығында сөздің ауызша және жазбаша деген екі түрге бөлінетіндігін, яғни жазбаша сөздер ойдың қағазға жазып жеткізілетіндігін. Жазу ол белгілі бір мәтін. Мәтін ретінде кітап, газет-журналдардың ақпараттары әр күйді білдіріп жатады [6].

Түрлі ғалымдар мәтінді әрқалай түсіндіреді. Мәселен, сөйлеудің нәтижесі деп анықталып отырған мәтінді ғалым Б.Шалабай, М. Ахметова: «Мәтін – адамзат тілінің, сөйлеу әрекетінің сан жылғы дамуының жемісі. Ол – дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлемдер тізбегі сияқты бірліктерді өн бойына тұтастай қамтыған ең ірі тілдік құбылыс», - деп таниды [7]. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады». Бұл ойдан мәтін - тіл жүйесін пайдалану арқылы қағаз бетіне түскен сөздің бір түрі, яғни ол сөйлеудің хатқа түскен бейнесі түрінде танылып отырғаны байқалады. Мәтін - өзара байланысты бірнеше сөйлемнен тұрады, жалғасты ойлар жиналып келіп автордың пікірін, көзқарасын білдіреді. «Мәтін- жазба тілдің көрінісі», деген ой қорытындылайды.

Сөйлеу тілін паралингвистикалық тұрғыда қарастырған З.Ерназарова: «Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика - синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін», – деп ой түйеді [8].

Г. Смағұлова тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдердің жай ғана тізбегі емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға. Ол логикалық сөз, сөз тіркесі, сөйлемдердің өзара байланысу жолдарын таныту әдістерін, мәтінді жоспарлау деген алгоритм құрды [9].

Ф.Ш.Оразбаева тілдік қатынасты жүзеге асыратын тұлғаларды сөз ете келіп, мәтінді «... ойлау, хабарлау, баяндау, қабылдау, пайымдау құбылыстарымен байланысты, адамдар арасындағы тілдік қатынастың іске асуына негіз болатын қатысымдық жүйелі тұлға» ретінде анықтап, мәтінді тілдік қатынастың мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүгін жүйесі деп таниды [10].

А.К. Ахметованың «Мәтін лингвистикасы» атты еңбегінде қазақ тіл білімінде мәтін саласы бойынша жазылған ғылыми зерттеулер тұжырымдары, нәтижелері пайдаланылды. Ұсынылып отырған оқу құралы қазақ тіл ғылымындағы соңғы жетістіктерге негізделген [11].

О.Қ. Жармакин, Қ.Б. Мағзұмовтың «Мәтін лингвистикасы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған» оқу құралында, мәтіннің негізгі категориялары мен ұғымдары туралы түсінік тіл маманына жалпы мәтіндерді, соның ішінде талдауы ерекше күрделі көркем әдебиет мәтінін толық және жан-жақты талдауды зерттеді.

«Мәтінді, оның ішінде көркем мәтінді кешенді талдау көп аспектілі және көп қырлы. Талдау жасауға кірісерден бұрын мәтін, оның ерекшеліктері мен көбірек белгілі категориялары, сол сияқты әрбір нақты мәтінде олардың қалай көрінетіні жайлы түсінік болу керек. Алдымен мәтінге ішінара талдау жүргізіп, яғни не байланыс түрлері мен құралдарын, не мәтінде информативтік, континуум, модальділік т.б. категориялардың көріну тәсілдерін талдап, содан кейін мәтінді жан-жақты талдауға көшкен жөн», - дейді авторлар [12].

Т.М. Әбдікәрімованың «Бастауыш сыныпта мәтін арқылы тіл дамытудың ғылыми негіздері мен оқыту әдістемесі», «Мәтін және ана тілі оқулығы мәтіндемесін қараудың теориясы», «Қазақ тіл білімінің ғылыми зерттеу негіздері» атты еңбектері мәтін мәселелеріне арналды. Әсіресе, «Қазақ тіл білімінің ғылыми зерттеу негіздері» оқулығында мәтін, ғылыми мәтіннің түрлері, ғылыми стиль, яғни жас ғалымдарға көмекші құрал ретінде өз пайдасын тигізетін еңбек [13].

Қазақ тіл біліміндегі мәтін ұғымының қарастырылуы келесі даму кезеңдері аралығында қарастыруға болады:

XX ғасырдың II жартысы: мәтін туралы алғашқы түсініктердің қалыптасуы (Қ.Жұбанов, А.Байтұрсынұлы, С.Аманжолов); - мәтін тұлға-бірлігінің айқындалып, арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылуы (Т.Қордабаев, Р.Сыздыкова); - мәтін лингвистикасының тіл білімінің дербес бір сапасы ретінде дамуы (Б.Шалабай, М.Серғалиев, Ж.Жакупов, С.Құнанбаева, А.Жұбанов, З.Ерназарова т.б.).

XXI ғасырдың I жартысында С. Мұстафина, Г. Әзімжанова, Г. Есмағұлов, Д. Әлкебаева, Г. Әбікенова, М. Маретбаева, Г. Смағұлова, Ж. Қайшығұлова, Г. Кәріпжанова, Ф.Ш. Оразбаева, А.К. Ахметова, О. Қ. Жармакин, Қ.Б. Мағзұмов, Т.М. Әбдікәрімова, А. Жапбаров атты ғалымдардың есімдерімен байланыстыруға болады.

Мәтіннің өзіндік формасы, түрі, жанрлық-стилистикалық ерекшеліктері және берілу тәсілдері болады. Әрине, тілді дамыту әдістері бойынша шығарма, мазмұндама, жоспар, эссе, мәтінді талдау сияқты көптеген жұмыстар мәтін арқылы жүргізіледі. Қазіргі стильдердің қайсысын болсын, тыңдаушы мүмкіндігінше жетік меңгеруі керек. Ал жазбаша тіл дамыту жұмыстары стиль тармақтарының ерекшеліктерін тани отырып, сол бағытта құра білу дағдысын қалыптастырады. Әсіресе көркем мәтінді талдауда маңызы болса, қазіргі таңда мәтіннің ғылыми жағынан талдау өзекті.

Мәтіннің қандай да бір стильде құрылатыны белгілі. Осы стильдердің әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Соның ішінде, зерттеудің көзіне айналған – ғылыми стиль. Ғылыми стиль ғылым салаларында сөз қолданыс қызметін атқарады.

Ғылыми стиль бәрімізге белгілі ғылыми еңбектерде, ғылыми баяндамаларда, лекцияларда қолданылады. Заттар мен құбылыстардың жалпы ерекшелігін ашып, ғылыми жазбалардың стильдік белгілері әрі нормалары сәйкес келген, сөйлемдердің анық, түсінікті болуы, дәлелді, зерттелген тура мағынада мәлімет беру. Бұл стиль өзіндік қолданылатын қалыпты стилімен, терминдердің мол қолданылатындығымен, мәтіндік құрылымымен ерекшелінеді. Қазіргі кездегі Қазақстанның ғылым саласындағы қалыптасып кеткен жағдаймен біздің зерттеуіміздің өзектілігі арта түседі. Өйткені біздің зерттеу мақсатымыз қазақ тілінен ағылшын тілінде жазылған, аударылған ғылыми мәтіндердің адекваттылықты талдау болып табылады. Мысалы: *Мақалада әлеуметтік жұмыс мамандарының өзін-өзі дамытуға себеп болатын ішкі-сыртқы кәсіби мотивациялық факторлар теориялық тұрғыдан негізделді. Тұлғаның мотивациясы оның мінез-құлық құрылымында маңызды орынды ала отырып, мақсатқа бағытталған қозғалысын анықтайтын негізгі түсініктердің бірі болып табылады. Алайда индивидтің мотивациясын әлеуметтік шындықтан бөлек зерттеу мүмкін емес. Әлеуметтік жұмыскердің мотивация мәселесін зерттеудегі дағды – бұл берілген мәселені индивидуалды әрекеттер социопсихологиялық талдау арқылы зерттеудің қажеттігі, мотивациялық процестердің өзекті әлеуметтік құбылыстармен байланысын ашу болып табылады. Сондай-ақ мотивациялық фактор алған білімнің икемділік пен дағдыға айналуыңамтамасыз ете отырып, тұлғаның кәсіби өсу мен шеберлікке жетуінің құралы. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі, еңбек сферасындағы ауқымды қайта құрулар қарқынды бәсекелестік қатынастың пайда болуы, тұлғаның нарықтық бәсекелестік қатынастар шеңберінде өзін-өзі тануында тұрақтылықты қамтамасыз етуде мемлекеттің рөлінің бейтараптанғанын көрсетеді. Осындай түрдегі құндылықтардың өзгеруі әлеуметтік-экономикалық процестерде тұлғаның индивидуалды деңгейіне, оның өзінің алдына мінез-құлық үлгісіне деген жауапкершіліктер қояды. Әлеуметтік жұмыскерлердің өзін-өзі жетілдіру мотивтері қарастырылды. Болашақ әлеуметтік жұмыскерлердегі кәсіби құндылықтары зерттелді.*

Берілген аннотация ғылыми стильде жазылған. Біріншіден, хабарлы сөйлемде қолданылады. Ойдың логикалылығы толық сақталған. Автордың нені көздеп жатқандығын анықтауға болады, бір ойдан келесі ой туындап, тиісті ұғым мен атаулармен дұрыс беріліп отыр. Психология мен әлеуметтану ғылымдарына тән ұғымдар мен терминдер сол ғылымдардың мазмұнын айқындауда тура мағынада жұмсалып, ойдың дәлдігі осы тұстардан бірден аңғарылады.

Демек, мәтін – айтылатын ойдың жазбаша көрінісі. Дискурс – белгілі бір жүйеге түскен

оқиғасы қатысушылары бар қолданыстағы мәтін. Тілдік ауызша және жазбаша жаңа бағыты ретінде дискурс пен мәтіннің қатысым барысындағы стилистикалық сипаты мен мазмұнын зерттеу өзекті. Ғылыми еңбектерде дискурс сөздің ауызша формасы болса, мәтін шығарманың жазбаша түрдегі сипаты деп көрсетіледі. Дискурс пен мәтін қатысымдық, тілдік бірлік ретінде танымдық, коннотативтік, эмоционалды-экспрессивті мазмұнның көрсеткіші болып табылады, сондықтан мәтіннің мағыналық-ақпараттық мазмұнын тану стилистика мен прагматикалық мақсатты бірлікте ала отырып зерттегенде ғана мүмкін болады.

Қорытындыла келгенде, мәтінді не тексті 40-50 жылдары мәтін ретінде қарастырылған жоқ, тек оның құрылымдық аспектісінде (лексикалық, морфологиялық және синтаксистік) сематикалық, және когнитивтік тұрғыдан зерттесе, кейін мәтін арқылы тілдің коммуникативтік мәнін ашуға болатынын тапты.

Мәтіннің классикалық және заманауи зерттелу жолдарын қарастырып, мәтіннің жалпы тұрақты анықтамасы әлі де берілген жоқ екендігін байқауға болады. Бұл ұғымға берілген қазақ ғалымдардың анықтамаларына сүйене отырып, кімнен бастау алатынымызды анықтап бере алмаймыз. Ал орыс тіл білімінде жоғарыда айтылып келген И.Р.Гальперинның тұжырымдамасын негізге алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Львов М.Р. Риторика. Культура речи [Текст] / М. Р. Львов. – М. Академия, 2002. – 272 с.
2. Жинкин Н.И. Речь как проводник информации. – М.: Наука, 1982. – 157 с.
3. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі/ Жалпы редекциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2088. – 968 б.
4. Қалиев Қ.Тіл білімінің терминдердің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 112 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – А.: Ғылым, 1999. – 581б. – Б.148
6. Сыздықова Р. Абай өлеңдерінің синтак- систік құрылысы. – Алматы, 1970.
7. Балақаев М.: Томанов М.: Манасбаев Б., Жанпейісов Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы: Мектеп, 1974. – 192 б.
8. Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми теориялық негіздері: филол. ғыл. д-ры... дисс. – Алматы, 1999. – 340 б.
9. Ерназарова З. Сөйлеу тілі синтаксисінің прагмалингвистикалық аспектісі: филол. ғыл. д-ры... дисс. автореф. – Алматы, 2001. – 49 б.
10. Оразбаева Ф.Ш.Тілдік қатынас негіздері: оқулық. – Алматы: 2005. – 147 б.
11. Ахметова М.К. Мәтін лингвистикасы: Оқу-әдістемелік құрал. – Орал: Ағартушы, 2008. – 148 б.
12. Жармакин О.Қ., Мағзұмов Қ.Б. Мәтін лингвистикасы: филология мамандықтарының студенттеріне арналған оқу құралы / О.Қ. Жармакин, Қ.Б. Мағзұмов . – Павлодар: Кереку, 2011. – 84 б.
13. Әбдікәрімова Т.М.: Мұхтарова Н.Б. Қазақ тіл білімінің ғылыми зерттеу негіздері. Оқу құралы. – Астана: 2014. – 112 б.
14. Қанабекова М.Қ. Қазақ тілі стилистикасының негіздері: оқу құралы / Қанабекова М.Қ. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2013. – 258 б.

РЕАЛИЙЛАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Құспанғалиева Нұрлы Азаматқызы

nurlykuspangalieva@gmail.com

5B020700 – «Аударма ісі» мамандығының 3-нші курс студенті,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Қызырова А.М

Реалийлар лингвистикалық құбылыс ретінде баламасыз лексика категориясына жатады. Олар фондық білімнің бөлігі болып табылады және тіл мен мәдениет әрекеттесуін зерттеу кезінде ерекше қызығушылыққа ие болады. «Мамандар тіл мен осы тілді оқитын тіршілігімен әрекеттесуін тікелей көрсететін тілдің әлеуметтік жағына ерекше назар аударады» [1, б. 4].

Бір тілдің кез келген лексикалық бірлігінің екінші тілдің сөздік қорында сәйкестіктердің болмаған жағдайда эквивалентсіз лексика туралы сөйлеу жөн. Бұл терминді Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров енгізді. Олар баламасыз лексика деп, «басқа мәдениет пен басқа тілде жоқ түсініктерді/ұғымдарды білдіретін сөздерді, жеке мәдени элементтерге, яғни мәдениетке ғана тән мәдени элементтерге жататын сөздерді атайды. А және мәдениетте жоқ В, сонымен қатар, басқа тілге аударылмайтын сөздер, қысқаша айтқанда, тілден шетте баламалары жоқ» [3, б. 53]. Баламасыз сөздердің ерекшелігі олардың басқа тілдерге тұрақты сәйкестік арқылы аударылмауы, олардың басқа тілдің қайсыбір сөздермен қатысы болып табылады. Бірақ оларды мүлдем аударылмайды деп санау дұрыс емес [3, б. 61]. Түпнұсқада берілген заттарды, олармен байланысты бейнедерді (кейіптерді дұрыс бері мүмкіндігі аударылатын шығармада бейнеленген ақиқаттық біліктілікті ұйғарады). Елтану, салғастырмалы тіл білімі және аударма теориясындағы білімдер «фондық» (аялық) білімдер деп саналады. Фондық білімдер – ол «басқа ел, басқа халық өмірінің бейнесінде нақты аясын құрастыратын ұғымдардың жиынтығы» [4, б. 146]. Е. М. Верещагин және В. Г. Костомаров оларды білімнің коммуникативтік актінің қатысушыларын ортақ деп анықтайды [3, б. 126]. «Реалия» сөзі – іспеттес, ұқсас лексикалық категорияларының әсерінен зат есімге айналған латын тілінің көпше түрде қолданылған (realis – е; көпше түрі – realia – «заттық», «анық», «нағыз») сын есімі. О. С. Ахманованың айтуына қарағанда, реалийлар материалды мәдениетке жататын заттар да болып табылады. Реалия сөздерін реалия заттардан заттарайыра білу қажет. «Реалия» термині реалия сөзі мағынасында реалия затының белгісі ретінде және берілген тілдің лексикалық элементі есебінде аудармашылық әдебиетте кең тарады [8, б.16]. Біздің ойымызша, реалийларға ең толық анықтаманы болгар ғалымдары С. Влахов пен С. Флорин береді: «Реалийлар – бұл бір халықтың өміріне(тұрмысы, мәдениеті, әлеуметтік және тарихи дамуы) тән заттарды атайтын сөздер (және сөз тіркестері), олар ұлттық және/немесе тарихи ерекшеліктерінің көрінісі бола тұра, олардың басқа тілдерде нақты сәйкестіктері (баламалары) жоқ. Демек, жалпы ережелерге сүйеніп аударылмай, ерекше аудару әдістерін талап етеді» [8, б. 55]. Бұл анықтама ғалымдармен сөздер-реалийларды аудару тұрғысынан берілгендіктен, біз үшін ерекше маңызды болып табылады.

Қазақ тіл білімінде аудармаға байланысты реалия сөздерді тақырыптық топтарға бөліп қараған зерттеуші – Р. Сәрсенбаев. Ол реалия сөздерді төрт тақырыптық топтарға бөліп қарайды да, әр топтың аудару үдерісіндегі ерекшелігіне назар аударыа отырады. Сонымен, Р. Сәрсенбаевтың ұсынған реалийлардың классификациясы осындай:

1. Кейбір табиғатқа байланысты сөздер мен этнографиялық сөздер;
2. Фольклорлық реалия сөздер;
3. Тұрмыстық реалия сөздер;